6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Примбетова Айгуль Имангалиевнаның
«Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі таңда жаппай экологиялық білімді қалыптастыру мемлекеттік деңгейде қарастырылып отыр. 2024 жылы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоршаған ортаны қорғау – елдің тұрақты дамуының басты басымдықтарының бірі екендігі нақтыланған, бұл жағдай докторант А.И.Примбетованың зерттеу тақырыбының көкейтестілігін айқындайды. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының, Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздік концепциясы және т.б. нормативтік құжаттардың негізгі бағыттарымен байланысты.

		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	А.И.Примбетованың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D011 – Педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс педагогика және психология ғылымдарының дамуына *елеулі үлесін қосады*. Зерттеу барысында экологиялық білімді білім беру үдерісіне тиімді енгізу мәселесі жан-жақты қарастырылып, олардың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталып, *маңыздылығы ашылған. Біріншіден,* Қазақстанда экологиялық білімнің қалыптасып, дамуына ықпал еткен саяси, тарихи-әлеуметтік факторларға ғылыми-әдіснамалық сипаттама беру арқылы елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.

			Екіншіден, «экологиялық білім», «экологиялық сана», «экологиялық сауаттылық», «экологиялық тәрбие» ұғымдарының мазмұнын нақтылау бойынша елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. *Үшіншіден,* Тұрақты даму жағдайында Қазақстанда экологиялық білімнің дамуы кезеңдерін айқындау және психологиялық тұрғыдан олардың сипаттамасын беру және болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту құрылымдық-мазмұндық моделін жасау арқылы елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. *Төртіншіден,* болашақ педагогтарға экологиялық білім берудің мазмұнын жүйелеу, оның психологияға негізделген оқу-тәрбиелік мүмкіндіктерін нақтылау және педагогикалық эксперимент жұмысының нәтижелері бойынша мақалалар әзірленуі ғылымға елеулі үлесін қосады, оның практикалық маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі **жоғары,** себебі зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектермен барынша толық танысқан. Сонымен қатар, докторант бірқатар әдістемелер мен дербес сауалнама жүргізіп, нәтижелерін айқын көрсеткен.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі **негізделген.** Докторант диссертацияның ғылыми негіздемесін құруда іргелі шетелдік пен отандық зерттеушілердің еңбектеріне, деректі мағлұматтарға талдау жасап, таңдаған тақырыбының көкейтестілігін анықтаған. Зерттеу жұмысының теориялық негізі тәжірибеде көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда Примбетова Айгуль Имангалиевнаның «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» атты диссертациялық жұмысы бүгінгі қоғамның сұранысынан туындап отырған өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; айқындамайды	Диссертацияның мазмұны «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» деген тақырыбын *толық айқындайды.* Талдау барысында негізгі мәселелерден ауытқымайды. Диссертанттың болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту бағытындағы ізденістері тақырыпты толығымен ашады.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбының мазмұнына толық *сәйкес келеді.* Зерттеу мақсаты – болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту арқылы дамытуды теориялық, практикалық тұрғыдан негіздеу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер нақты, мазмұнды және логикалық жағынан жүйеленген. Олар теориялық негіздерді талдау, экологиялық білімнің мазмұнын анықтау, диагностикалық әдістерді таңдау және қолдану, эксперименттік жұмысты ұйымдастыру мен нәтижелерін талдауға бағытталған. Міндеттердің мазмұны зерттеу логикасын айқын көрсетіп, тақырыпта қойылған мәселенің барлық аспектілерін қамтиды. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми дәйектілігі мен мақсатқа бағытталғандығын дәлелдейді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық тұрғыдан *толық байланысқан*, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер диссертанттың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар, әдістер) *дәлелденіп,* бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, сыни талдаулар *жасалған.* Зерттеуші болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту мәселесінің зерттелмегенін дәлелдей келіп, соның шешімін табу бағытында тың ой-пікірлер айтқан, болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту жолдарын айқындаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант А.И.Примбетованың зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. *Бірінші ғылыми нәтиже* – болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың теориялық әдіснамалық негіздері айқындалған, бұл зерттеу саласында толығымен жаңа ғылыми тұжырым болып табылады. *Екінші ғылыми нәтиже* – «экологиялық білім», «экологиялық сана», «экологиялық сауаттылық», «экологиялық тәрбие» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, «болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» түсінігінің ғылыми негіздері жүйеленген, бұл бұрын-соңды кешенді түрде зерттелмеген толығымен жаңа ғылыми бағыт болып табылады.

			Үшінші ғылыми нәтиже – болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық мазмұндық моделі әзірленген, бұл педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үдерісінде экологиялық білімді тиімді қолдануға мүмкіндік береді. *Төртінші ғылыми нәтиже* – болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік эксперимент жұмысы арқылы дәлелденген. Сонымен қатар ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірленіп, оларды білім беру жүйесінде қолдану мүмкіндігі көрсетілген. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер педагогика ғылымында толығымен жаңа ғылыми бағыттарды айқындап, болашақ педагогтарға экологиялық білімді білім беру жүйесіне енгізу бойынша тың тұжырымдар ұсынады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалығы бар нәтижелерге негізделген және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Докторант ұсынған қорытындылар болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытуға қатысты педагогикалық және психологиялық көзқарастарды тереңдетіп, бұл бағыттағы ғылыми-әдістемелік тұжырымдамаларды толықтырады. Қорытындыларда ұсынылған әдістемелердің тиімділігі тәжірибелік деректермен негізделген. Сонымен қатар, болашақ педагогтардың экологиялық

		1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытуда нәтижелі екені нақты көрсетілген. Осылайша, диссертациялық жұмыстың қорытындылары өзектілігімен, теориялық және қолданбалы мәнділігімен ерекшеленіп, педагогикалық ғылымға жаңа ғылыми көзқарас пен практикалық ұсыныстар әкелетін тың нәтижелер болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ұсынылған әдістеме тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Бұл туралы қорытынды бөлімде баяндалған және әр қорытынды негіздерге сүйеніп жасалған.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді;	7.1 Докторанттың қорғауға ұсынған тұжырымдары негізделіп, ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған әр қағидатқа жаңашылдық тән. Сол себепті тривиалды емес. 7.3 Диссертацияның ғылыми нәтижелері жаңа. 7.4 Зерттеу жұмысының қағидаттарының қолдану деңгейі кең. 7.5 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми жарияланымдарда жарық көрген. Соның ішінде 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Web of Science және Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, 1 Отандық ғылыми жетекшімен авторлық бірлестіктегі «Педагогика» оқу құралы және 1 «Ecopedagogy» электрондық оқу құралы жарияланған.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант А.И.Примбетованың диссертациялық зерттеуінде таңдалған әдіснамалық негіздеме ғылыми тұрғыдан толық негізделген. Зерттеу материалы дәйектілік қағидатына сүйене отырып, ұсынылған ақпараттың ғылыми және теориялық негізділігі қамтамасыз етілген. Зерттеудің теориялық негізін экологиялық білім, экологиялық сана, экологиялық сауаттылық және экологиялық тәрбие дамыту теориялары құрайды. Экологиялық білімнің дамуына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, тарихи-мәдени дереккөздер, сондай-ақ нормативтік-құқықтық құжаттар жан-жақты талданып, олардың негізінде ғылыми-әдістемелік қорытындылар жасалған. Зерттеудің әдіснамалық негіздері жүйелік тұлғалық-бағдарлы, құндылықтық, іс-әрекеттік, интеграциялық және экологиялық тұғырларға сүйенеді. Сонымен қатар, болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмысы арқылы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеу барысында ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері қолданылып, деректерді өңдеу және интерпретациялау үдерісі компьютерлік технологиялардың көмегімен жүзеге асырылған. Алынған нәтижелер математикалық статистикалық әдістер арқылы талданып, зерттеу мәліметтері диаграммалар мен графикалық көрнекі құралдар түрінде жүйеленген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу барысында алынған теориялық қорытындылар, жасалған модель, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденіп, ғылыми түрде расталған. Эксперимент барысында зерттеу болжамының дұрыстығы, әзірленген әдістеменің тиімділігі мен практикалық қолданбалылығы дәлелденген. Бақылау және эксперименттік топтарда жүргізілген салыстырмалы талдаулар болашақ педагогтарда экологиялық білімнің даму деңгейіндегі оң динамикасын көрсетеді, алынған нәтижелер зерттеу нысаны мен пәніне сәйкес және педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздерін толықтырады деп айтуға болады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған	Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытуға қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер,

			сондай-ақ ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, оқу әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, Scopus деректер қорына енетін журналдар, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған ғылыми мақалаларға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбына сәйкес теориялық-әдіснамалық және практикалық аспектілерді жан-жақты қамтиды және әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. Зерттеу барысында ғылыми дереккөздер, соның ішінде отандық және шетелдік авторлардың монографиялары, ғылыми мақалалары, диссертациялық еңбектері мен нормативтік құжаттар пайдаланылған. Әдеби шолуда экологиялық білім, экологиялық сана, экологиялық сауаттылық және экологиялық тәрбие ұғымдары жан-жақты талданған. Сонымен қатар, соңғы 5-10 жылда жарияланған заманауи зерттеулерге басымдық берілген, бұл тақырыптың ғылыми өзектілігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің *теориялық маңызы бар.* Нақты айтқанда: - зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық, педагогикалық еңбектер талданып, болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделген. - «Экологиялық білім», «экологиялық сана»,

			«экологиялық сауаттылық», «экологиялық тәрбие» ұғымдары мен «болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» түсінігінің мазмұны нақтыланып, олардың құрылымдық ерекшеліктері анықталған. Бұл зерттеу экологиялық білімнің дамуына және педагогиканың теориялық негіздерін жетілдіруге маңызды үлес қосады. - Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның негізгі компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлері анықталған. - Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту әдістемесі тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында тексеріліп, тиімділігі дәлелденген. Диссертация педагогика ғылымында экологиялық білімді зерттеу мен қолдану аясын кеңейтіп, болашақ педагогтардың экологиялық білімін дамыту теориясына елеулі үлес қосады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы бар. Зерттеу жұмысында ұсынылған ізденушінің ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде кеңінен пайдалануға болады. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Аталған зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағытта жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеу мәтіні ғылыми-логикалық жағынан құрылымды, мазмұны жүйелі және тақырыпқа сай дәйекті баяндалған. Пайдаланылған ұғымдар мен терминдер нақты, орынды қолданылған және ғылыми айналымдағы қолданысқа сәйкес келеді.

			Жұмыста авторлық тұжырымдар дәлелді түрде ұсынылған, дереккөздерге сілтеме жасау академиялық адалдық нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылған. Жалпы, диссертация академиялық жазу мәдениетіне сай жазылған және жоғары ғылыми талаптарға жауап береді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Примбетова Айгуль Имангалиевнаның диссертациялық жұмысы өзіндік тұрғыда жазылған, педагогика және психология ғылымдарына өзара үлес қосқан жұмыс болып табылады. Дегенмен, диссертациялық жұмысқа қатысты кейбір ескерту бар: 1. Ғылыми жұмыстың теориялық бөлімін жазу барысында шетелдік ғалымдардың еңбектеріне баса назар аударған, алайда Қазақстандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарына көбірек мән берілсе жұмыстың сапасын одан әрі жоғарылататын еді. 2. Зерттеудегі анықтамалар тізіміне «Экологиялық мәдени мінез-құлық» ұғымын да ендіру керек еді. Алайда, бұл ескертулер диссертациялық зерттеудің теориялық және практикалық маңызының, ғылыми жаңалықтарының, ғылыми тұжырымдарының мәнділігі мен сапасын кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Жарияланымдарда диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері, теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар жүйелі түрде баяндалған. Мақалалар Web of Science және Scopus базасына енген журналдарда, сондай-ақ ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген.

	нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Әрбір мақала зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, мазмұны жағынан өзекті мәселелерді көтереді және экологиялық білімді дамыту үшін практикалық құндылыққа ие. Сонымен қатар, мақалаларда авторлық ұстаным мен ғылыми жаңалық айқын көрініс тапқан.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ педагогтардың экологиялық білімін педагогикалық-психологиялық пәндерді оқыту үрдісінде дамыту» тақырыбындағы диссертация жан-жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалаймын, сондықтан, докторант Примбетова Айгуль Имангалиевнаны философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
педагогика жоғары мектебінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор **Б.М. Жапарова**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ
«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ Жапаровой ЗАВЕРЯЮ
БӨЛІМ БАСТЫҒЫ / НАЧАЛЬНИК СУП
«ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ПАВЛОДАРСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН»